

ҚАЗАҚЫ БЕСТСЕЛЛЕР

Акция:

Сіз 1 кітапты  
сатып алу арқылы  
1 жетім балаға  
кәмектесе  
аласыз

12+

# Болмаған балалық шақ

Ауыл  
хикаялары

Жалғыз сұрағаның,  
көкөңіл қорсаң екі бала бақта,  
оның бірі – менмін.  
Жалғыз бақта, қандай – менмін.

12+

Ақберен  
ЕЛГЕЗЕК

# Акберен Елгезек

## Болмаған балалық шақ

*[http://www.litres.ru/pages/biblio\\_book/?art=66473498](http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=66473498)*

*SelfPub; 2021*

### **Аннотация**

«Болмаған балалық шақ» – қазақ интернет кеңістігінде бестселлерге айналған бірегей шығарма. Кітап балалар мен қалыптасқан оқырман қауымға арналған.

# Содержание

КІРІСПЕ ОРНЫНА	4
Бірінші бөлім	6
ЕЛЕС	19
Құдайдың баласы	21
Олешка	34
Қалаң	37
Конец ознакомительного фрагмента.	40

# Ақберен Елгезек

## Болмаған балалық шақ

### КІРІСПЕ ОРНЫНА

*Бұл шығармамды бала кезімнен сүйіп оқыған  
қазақтың қайталанбас хас жазушысы  
Бердібек Соқпақбаевтың рухына бағыштаймын*

Қадірлі оқырман!

Сіз оқығалы отырған хикаят – менің балалық шағым туралы баян.

Бұндағы оқиғалар қиялымнан туған қанатқақты дүниелер емес, осы жердің бетінде, осы елде менің шақшадай ғана басымнан өткен шырылдақ тағдыр.

Бұл шығарманы жазудағы мақсатым – екеу.

Біріншісі – мына ұланғайыр Отанымыздың бір түкпірінде менімен тағдырлас бала болса, осы хикаятты оқысын. Балалық шағының әр күні ауыр өтіп жатса, бұл күйзеліске толы күндердің өтетінін білсін. Алда оны тек сәулелі, шуақты күндер күтетінін ұғынсын. Ол болашақта жеңімпаз болатынына, өз тағдырының қожасы болатынына шүбәсі болмасын деп жаздым.

Екіншіден, бұл хикаятты жетім баланы бауырына басып, тәрбиелеп отырған үлкендерге арнадым: балаға мейірімді болыңыздар, ағайын! Жылы сөздеріңізді аямай, жылы қабақ танытыңыздар жаутаңкөз тағдырларға!

Әлқисса, бұл туындыда аты аталған кейіпкерлер – өмірде болған және дәл қазір сау-саламат ғұмыр кешіп жатқан жақсы адамдар. Мен осы шығарманы жазу барысында бір кейіпкерімді жақсы жағынан көрсетіп, екіншісін әжуалап жамандауды мақсат еткен жоқ. Керісінше, басымнан кешкен оқиғаларды, бүлдіршін кезімнен жадымда сақталған үзік-үзік естеліктерді өмірсүйер һәм әдебиетсүйер қауымға жеткізгім келді.

Әгәрәки, осы хикаятта аты аталған кейіпкерлердің туған-туыстарының, құда-жекжаттарының, жора-жолдастарының, бала-шағаларының намысына тиіп кетсем, ол оқырмандарымнан алдын-ала кешірім сұраймын.

Сонымен, бақидағы кейіпкерлеріме дұға бағыштап, тірілеріне ұзақ ғұмыр тілей отырып, сізді, құрметті оқырман, менің балалық шағыма сапар

# Бірінші бөлім

## Үржардағы сары үрпек

Әкем жарық дүниеден өтісімен, біз Үржарға көштік. Алматыдағы үйімізден алғанымыз – бар болғаны екі-үш шамадан киім-кешек екен. Соны автобуска артып алып, шешемнің төркініне тартыппыз. Әкемізден үшеу қалған ек. Үлкеніміз Маржан, ағам Данышпан және мен.

Бұл қайғылы һәм күрделі күндер менің есімде әлбетте жоқ. Жасым бар болғаны төртте ғана. Әкемнің түр-сипаты, кескін-келбеті, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы туралы жадымда ештеңе сақталмапты. Жоқ, тұра тұрыңыз, ауылда болу керек, әкем мені көтеріп ап, атқа мінгізіп жатқан еді. Эверестке шыққан альпинистей алқымыма түсініксіз бір шаттық сезімі кептелгені есімде. Тек мені көтерген қуатты қол иесінің іңірде көшкен көлеңкедей бақиға сіңіп, түр-түсінің көзімнен бұл-бұл ұшқаны жаныма қатты батады қазір. Болды, осы естеліктен өзге санамда дым жоқ. Бақытты балалық шақтың барлық өмірдерегі осылай сүртіліп қалған. Балғын жанарымыз бен құлағымыз естіп-көрген өзге жағдайлар да үшті-күйлі буланып кеткен. Жадымды қанша жұлмалап, қалтарыс-бұлтарыстарын сілкілеп көргенмен, тас та табылмады. Өкініштісі – осы.

\*\*\*

Сонымен біз Үржарға көштік. Айтпақшы, Алматыдан әу-

елі Шұбартауға барып, бауырларын жоқтап, қайғы жұтқан күллі туыс-туғандармен әкемізді ақтық сапарға шығарып салыппыз. Сол күннің бірде-бір мезеті де есте жоқ қой!

Кейін Асқар (жаны жәннатта шалқығыр!) ағам айтатын: «Данышпан екеуіңді бейіт басына мен апарғам. Сен тыныш тұрмай, басыңды мәшиненің есігіне оңдырмай соғып алдың да, бақырып жыладың. Жұбатсам, көнбейсің ғой, көнбейсің! Бір уақытта есіңді жинадың да, көкемнің бейітіне тесіле қарап тұрып: «Ей, ағалар, неге менің әкемді көміп тастадыңдар?!» – деп айқайлап жібердің! Жұрттың бәрі саған қарай ошарыла қарап, жүзін тайдырып әкеткен еді. Әлгі сөзден кейін жасыңды бірден тыйдың, бет-ауызың енді ештеңеге мызғымастай сазарды да, өзің сұп-суық боп қатып қалдың...» – деп еді. Соны Асқар ағам кейін мен ержеткенде басын шайқап отырып бір-екі рет айтқан-ды. Бозарып кеттің ғой, бірдеңе білетіндей деген еді, жарықтық.

Кім біледі, сол кезде менің байғұс бала жүрегім бірденені сезген де шығар...

Әкеміздің жетісінен кейін шешемнің төркініне көштік.

Бұрынғы Семей облысына қарасты Үржар – өзіне аттас ауданның орталығы. Қысы қақаған аязды, көктемі сұлу, жазы күннің мейірімді нұрына малынған, күзі жеміс-жидекке бай, табиғаты тамаша жер. Бір барып қайтыңыздар, өкінбейсіздер.

Үржар – қалың найман мен керейдің байырғы құтты мекені. Шығысында Тарбағатайдың тәкаппар шындары осы бір

сұлу өлкеге ерекше бір асқақтық беріп тұратын. Үржарда адам баласының көңілді өмір сүруіне Тәңірім барлық жағдайды жасап қойған.

Біз осында тұратын болдық.

«Үлкен үй» деп аталатын үй – нағашы әжем, анамның үш інісі, бір сіндісі тұратын қарашаңырақ. Үш нағашы ағамның да енді-енді шаңырақ көтеріп жатқан кезі екен, әжем зейнет жасына шыққан кісі, анамның сіндісі бойжеткен қыз еді. Ортасынан кіретін есігі, бірінен біріне кедергісіз өте беретін үш бөлмесі бар, ескі, ұзынша үй. Алдында үлкен ауласы бар, картоп, сәбіз тағы басқа көкөніс егілген бақшасының сыртында жылтылдап өзен ағып жатыр. Өзеннің жағасы кішігірім тоғай. Осындай қоңыр тіршілік кешіп жатқан ағайынның үстіне төрт кісі боп біз кірдік.

Бұл үйдегі алғашқы кезең төрт жастағы менің есімде қалмаған екен. Тек кішкене ес кіре бастаған шақта білетінім: көрші-қолаң, туыс-жекжат мені «қияли бала» деп атайтын. Оның өзіндік себебі де бар еді. Үлкендердің айтуына қарағанда, мен маңайдағы тәмам жұртты жинап алып, «өзім бастан кешкен» таңғажайып оқиғаларды баяндайды екем.

Мысалы былай. Біздей пақырға басқа планеталарға шеккен сапарлар жайлы таңды таңға ұрып, елді еш шаршатпай әңгімелеп беру аса қиынға соқпайтын. Немесе, сол кездегі КСРО-ның таңбамаңдай басшысы Михаил Горбачевпен өткен неше дүркін кездесулерімнің нәтижелерінен хабардар қылып жүру маған бұйым емес еді. Ол ол ма, менің әңгі-

мемді қызықтаған қауымға үйдің қасындағы тоғайдан кинодан атын жиі еститін Гитлермен кездесіп, әңгіме соққанымды паш етемін!

Жұрт ду күлісіп, «айт, айта түс, айт!» дегендей, менің «естеліктерімді» тыңдау үшін үйінен арнайы ала шыққан кәмпит пен пірәндікті жейдемнің етегіне уыстап төгеді. Әлгілерді ауызымды бұлтындатып жеп алған соң (мен де адаммын ғой!), шөлдей бастаймын. «Әңгімемді ертең жалғаймын» деп міндетсіне тамағымды кенеп ишара білдіруім мұң, жақын маңайдағы дүкендерден лимонад әкелінеді. Бұл кезде пақырыңыздың қиялына жарықтың өзі жете алмай шексіз кеңістікте жыландай ирелендеп аласұратын ғой! «Тархун» әкелінсе (сол кезде ол лимонадтан қымбатырақ тұратын), мен, сөзсіз, жаңа, тың «естеліктеріме» көшем.

«Тархунның» тәтті дәмінен хабар берген жасыл шиша маған кәдімгідей шабыт сыйлайтын. Көк шишаның «пыш-шш!» етіп ашылған дыбысы біздің санаға «анабір әңгімені баста» деп белгі беретіндей.

«Тағы не айтар екен?» деп ауызы аңқиып қарап тұрған ақ жүрек ағайынға сол сәтте көзіммен көріп, өз тілінде тілдескен Қар адамы туралы қызықты ертегімді бастап кеп жіберем! Мен сонда, бәлкім, Қар адамының Тарбағатайда, адам аяғы жетпеген шыңырау, шатқалдарда, тұмса табиғаттың құшағында сүріп жатқан ғажайып өмірі туралы, оны көрген адамдардың айтқан әңгімелерін там-тұмдап естіген болуым керек. Ары қарай қиялдың шаруасы еді...

Оһо, Қар адамы туралы «естеліктерім» басталғанда ауылдағы ең әңгімешіл деген қарияның өзін дуылдаған жұрттың маңайына еріксіз келтіріп, кеңкілдете күлдіруші едім! Тау-тасты кезіп жүрген жылқышысы бар, аңшысы бар, мені арнайы шақырып ап, «әлгі албасты туралы айтып берші», – деп жалынатын. Тіпті дерсіз, менің қияли әңгімелеріме өздері кәдімгідей сенетін де еді! Әй, баладан бетер аңқылдаған, бүлдіршіннің сөзіне сенген, қазағым-ай!

Менің нем кетті, қойын-қонышымды тәтті мен дәмдіге толтырып ап, өз есебім өзімде, мәз боп үйге келе жататынымын.

Балмұздақ деген бір сиқырлы дәм келгенде ше?! Ой, пәлі, десенші! Онда кез келген фантаст жазушы қызғанатындай аңыз-әфсаналарды дереу ойдан шығарып жіберіп, елді бір риза қылатын едім-ау, шіркін. Балмұздақ ол кезде қат. Қат болған соң, бұл қат дүниенің өтеуін біздің балғын миымыз аса ыждаһаттылықпен, аса бір еңбекқорлықпен орындайтын. Балмұздақ жер бетіне, Үржардың шетіндегі әуежайға бөгдеғаламшарлықтар табақшасының қонғаны, бізбен мәслихат құрғаны туралы қиялымызды ұштайтын. Олар бұрын осы жақтан ұшып кеткен қазақтар екенін мен «әп, бәрекелдее!» – деп тұрған тындармандарымды сендіре баяндайтынмын.

– Әй, ол табақшаға тарбиып мінгендердің руы кім екеней? – деп сұрақ қояды бір кезде таяғына сүйеніп тұрған әлгі кеңкілдек, қуақы шал.

– Найман екен!

– Қой-ей!

– Рас, өздері айтты ғой, ата!

– Әй, оларың өзінің атамекенінде ғұмыр кешпей, неғып қаңғып жүрген наймандар, ә? – деп кейігендей басын шайқайтын қария.

– Ата, сіз өзіңіз найман емессіз бе?

– Найманмын, балам!

– Онда сіз де басқа планетадан келген екенсіз!

– Не дейді, Құдайым-ау?!

– Сізді олар сұраған өткенде. Әлгі біздің Шүңірей шал қайда жүр деп.

– Ех-ех-ехе! Әй, иттің ғана күшігі! Әй, иттің ғана күшігі! Әй, иттің ғана баласы! Мә, апаның жайған құртын ала ғой. Хе-хе-хе-хе, иттің ғана баласы, айтып тұрғанын қарашы-ей! «Шүңірей шал» деді ме-ей?!

– Иә, ата!

– Хе-хе хе, олар найман дейсің ғой?!

– Нағыз найман екен! Түрлері сізден айнымайды!

– Әй, бар бол, иттің баласы, таппайтының жоқ...

Міне, көрдіңіз бе?! Мен жеген кэмпит я пірәндік, ішкен лимонад пен балмұздақ маған өздігінен өзенмен ағып, жаңбыр боп аспаннан құламайтын, тегін келмейтін.

Бұл «мінезімді» біліп алған ағайын күн ара менің әңгімелерімді тыңдауға әжептәуір дайындалып келетін. Мен де олардың көңілдерін қалдырмауға тырысам. Ұйқыға кетер-

де, жаңа хикаяларды ертенгі күнге дайындап жатамын. Ол үшін, менің бала миым ұдайы жұмыс істеп тұратын. Жаңа «қырық өтірікті» ойлап табу оңай деймісіз?! Ол бір бес минутта айта салуға келмейтін күрделі және машақатты жұмыс. Елді мезі етпеу үшін айтылған әңгіме қайталанбауы тиіс. Оның үстіне, айтылып отырған оқиғаларда қисын болу керек. Бір жерден сондай дүниелерді оқып алып, соған өз жанынан бірдеңелерді қосып, шұбыртып айта беретіндей, мен бұл уақытта әлі хат тани қойғам жоқ. Естіген-білгенімнен құрастырам да, оған өз ойымнан адамның ақылы жетпейтін «деректерді» қосып, әдемілеп тұздықтап, дәмдеп беремін. Сондықтан мен тәтті-мәтті мен сусындарды маңдай тер, адал еңбегіммен алатынымын.

\*\*\*

Қиял-ғажайып әңгімелер мен өзім ойдан қиыстырған ертегілерімді айтып тапқан нәпақамның тең жартысын міндетті түрде науқас ағама әкеліп берем. Ол өз кезегінде маған салған суреттерін сыйлайтын.

Ағамның аты – Данышпан.

Менен екі жас үлкендігі бар. Нағашыларым оны «қаршадай боп алып үлкен кісілердің әңгімесін айтатын», – деуші еді. Туғанынан мүгедек боп қалған Даныш, күнұзақ отырып сурет салатын. Үнемі қабағы түйіліп, әлденелерді ойлап отыратын. Мен оның салған суреттеріне сүйсінуші едім. Бірде ол маған дәптердің бетіне салынған гүлдің суретін сыйлады. Шетіне «Бауырым Ақберенге ағасы Даныштан», – деп жазып

қойыпты. Оны мен хат таныған кезде оқыдым. Мектеп түгілі, балабақшаның табалдырығынан аттамаған ағам сол кезде өздігімен қара танып, оқуды үйреніп алған. Әлгі суреттегі гүл тап бір тірі гүл сияқты еді-ау. Әлі есімде, жататын кереуетімнің басына іліп қоятынмын. Таңертең оянған кезде ағама: «Дәкай, қарашы, сен салған гүл жел өтінде тұрғандай ырғала билеп тұр!» – деп таңқалатынмын. Ол соған мәз болушы еді... Ал, мен болсам, ол суретті жоғалтып алдым. Әлі күнге дейін суретті сақтай алмағаным есіме түссе, өзімді жүндей түтемін.

Данышпанның дерті – қарғыс атқыр КСРО-ның басшылығы жасаған Семей полигонының зардабынан пайда болған ауру. Әкеміз Шұбартау ауданының тумасы болғандықтан, сынақ полигонына жақын жерде туып-өсті. Тіпті, оның өмірден ерте кетуі де осы ядролық сынақтардың салдарынан болды деп ойлаймын. Атам (ол кісі жайлы алдыңғы бөлімдерде баяндайтын боламыз) айтып отыратын: бала кезімізде Шыңғыстау жақтан алып саңырауқұлақ секілді жалын көтерілгенін талай көргенбіз. Сосын қораның төбесіне шығып алып жарылысты қызықтаймыз деп, бірнеше бала жалбырап күтіп тұратынбыз. Пәленбай шақырым жерде әлгі күл мен оттан жаралған аждаһа көкке көтерілгенде дем арасында біз тұрған қораның төбесіне бір қуатты толқын жетіп келетін. Жетіп келетін де, дауыл соққандай екпінмен бізді қораның төбесінен домалата құлататын. Біз соған мәз боп күліп жатушы едік. Кейін зардабын әбден тарттық қой, – дейтін.

Есімде, жаз шықса, атамның бет-ауызы қып-қызыл боп бөртіп, көзі жабылып, жүзі күп боп ісіп, түрі құбыжыққа ұқсап кететін. Атамның біз үшін үйреншікті бұл бейнесі күзге дейін жалғасып, біртіндеп қайтатын. Ядролық сынақтардың зардабы тұқым қуалайды деп оқығам. Сол апайым екеумізді айналып өтіп, Данышпанға келгенде аяушылық танытпапты. Кейін естідік, әкем көзі тірісінде Данышпанды Мәскеуге апарып емдетем деп біраз әрекеттеніпті. Өкінішке қарай, үлгермеді. Ол үшін салқар кезекке тұрып, қол жетпес квоталар алу керек екен, қысқасы, машақаты көп шаруа дейді. Әлде сол кездің қанқұйлы саясатының ұстанымы бойынша дәрігерлер полигонның әсерінен мүгедек боп қалған балаларды эксперимент ретінде зерттеп, әдейі емдеуге асықпаған шығар. Ол жағы маған беймәлім. Бірақ жүрек құрғыр соны сезеді. Әкемізді де Үкімет жыл сайын шипажайға жіберіп, үнемі анализ алып отыратын деп айтатын шешеміз... Әкей кеткен соң, Данышпан кімге керек?! Шешемнің түрі болса – мынау. Мынандай жағдайда ауру баланы емдетпек түгілі, артық қимыл жасауға жағдайы жоқ, туыстарын пана-лап отыр.

\*\*\*

Ағам екеуміз дос едік.

Жаздың бір ыстық күнінде Данышпан екеуміз суға шомылайық деп үйдің іргесінде ағып жатқан өзенге бардық. Сол күн есімнен еш кетпейді. Адам боп ең алғашқы рет өзенге шомылуға келіп тұрмыз. Суда жүзуді білмесем де, өзенге

әдеттегідей бірінші боп мен қойып кеттім. Қойып кеттім... ал аяғым жерге тимей қалды. Өзені бар болсын, мұндайда малтуды білу керек екен ғой! Оны кім ойлаған? Адам терең су болса батады екен, батқан соң, тұншығады екен, оны бізге кім айтты дейсіз. Ал тұншық! Ал тыпырла! Ал жанталас! Дүние шырқобелек айналып бара жатты. Ағам менің батып жатқанымды ұқты ғой деймін, «эй, әй» деуге ғана шамасы жетті.

Судың түбіне бір кетіп, бір шығып қалытқыдай қалтылдаған мен жағада шырылдап жүрген ағамды көрем. Бір кезде Данышпан суға дір-дір етіп, киімшең түсті, әйтеуір. Қолымды беріп үлгердім, өзіне қарай тарта бастады... Жаным қалды. Жағаға қалай шыққанымызды білмеймін, су құсып жатыр екем.

Ағамның алғашқы және соңғы ұрысқаны сол болды. Бірдеңені бүлдіріп қойсақ, нағашы апамның айтатыны бар: «Қазір ішіннен ішегің шығады, бәлем!» деген. Данышпанның да еститіні сол ғой, маған ыза боп тұрып, «суға неге секіресің? Жағаға жақын жерге түспейсің бе! Әне, тұншығып едің, ішегің шығайын деп тұр, қара әне, ішіңе!» – деп айқайлады. Ішек туралы әңгіме естілісімен мен бақырып қоя бердім. Ағам өзі өкініп қалды ғой деймін, жүгіріп келіп, мені құшақтай алды. Жүрек дегенді қойсайшы, туыс құшақтан еріп кете жаздады ғой сол кезде.

Онсыз да әкеміз қайтқалы іштей қамығып жүрген екеумізді бұл оқиға ерекше толқытты және қатты жақындасты-

рып жіберді. Бірге жыладық. Данышпан мені ерекше мейіріммен құшақтап алып, аға болып жұбатты. Жағада құшақтасып, ұзақ отырғанымыз есімде. Ой, Алла-ай, десенші, сол кезде Данышпан бар-жоғы жеті жастағы бала екен ғой...

\*\*\*

Данышпан көбінесе үйде отырады. Сурет салады, ежіктеп кітап оқиды. Одан қалса, теледидардың алдында шоқиып, үлкен адамдар көретін фильмдерді тамашалайды. Мультфильм дегенді көріп отырғанын байқамаппын. Данышпанды туған-туыс жақсы көретін. Үлкен кісілермен шай ішіп отырып, ойлы жанарын арлы-берлі аударып, үлкендердің әңгімесін мұқият тыңдап отыратыны әлі көз алдымда. Біздікі не? Біздікі сол нанға майды жағып жіберіп, үстіне қантты сеуіп жіберіп, оқыра тиген бұзаудай далаға атып шығып, жын соққандай шапқылай беру, шапқылай беру.

Денсаулығы жақсы, зырылдап тұрған балаға даладан басқа не керек?! Ал ағамның дерті оған ондай мүмкіндік бермейтін. Соны түсінетін мен бе, ойын баласымыз, күнұзақ айдалада қаңғып, кешке көшенің шаңын көтеріп кеп, сілейіп жатамыз. Ойға ештеңе кіріп-шықпайды. Маңайдағы сары домалақ, қара домалақтармен алысу, доп тебу, үйдің маңындағы тоғайдан Робин Гудты іздеу, күшіктің тұмсығын жалау, құмырсқа төбелестіру – бар жұмысым осы. Сол кезде деймін ғой, ағамның қасында болып, әңгімелесіп, сырласу керек-ау дегенді мен қайдан білейін? Жан ағамның да әкемнің артынан көп ұзамай мәңгілікке сапар шегетінін мен ақымақ біл-

ГЕМ ЖОҚ ҚОЙ...

\*\*\*

Сол сұрқайы күзді есіме алсам, денемді әлі күнге дейін бір отты шер қариды. Қазанның сүрекей сүйкімсіз күндерінің бірі еді. Семей жаққа күз ерте келіп, артынан көп ұзамай аспаннан салбырап қыс түсе қалатын. Сондай бір жауынды-шашынды, ызғарлы күндердің бірінде мен аяулы ағамнан айырылып қалдым.

Данышпан екеуіміз қуықтай бөлмедегі жиналмалы тар төсекте қатар жататынбыз. Бір күні кешке қарай мазасы болмай тұрған ағам менен су сұрады. Ойын баласымын, шаршап, сілікпем шығып келіп құлаған мен оның көңілін қимай ожаумен су әкеп бердім. Ол оны ішпей, «мынауың жылы екен, суығын әкел», – деп қайта жұмсайды. Тағы әкелем. Ол «құдықтан тартып әкел», – деп тағы жібереді. Мен баруға ерініп, «өзің тұр да ал», – деп жатып кеп қырсықтанам. Сөйтіп, салғыласып жатып ұйықтап қаппын. Кейін ойлап отырсам, Данышпан ағам бұ фәни жалғаннан кететінін біліп, өлгенімді көрмесін деп далаға шығара берген екен ғой...

Түн ішінде біреу мені көтеріп ап, басқа бөлмеге ауыстырып жатқызып жатқаны есімде. Танертең оянсам, сыртта жұрт жиналып қалған, у да шу, біреулер еңіреп жылап, біреулер басу айтып жүр. Түсінбеймін. Басқа бөлмеде жатқаным да түсініксіз.

Біз Данышпан екеуіміз үйдің қасындағы өзен арнасында нағашы апамыздың қазын бағатынбыз. Күнделікті әдет

бойынша, атып тұрып, Данышпан жатқан ортақ бөлмемізге беттедім. Біздің төсек жиналып, бөлмеге басқа көрпеше төселіпті. Соның үстінде бетіне ақ мата жабылған біреу жатыр. Ашып қалсам, ағам! Оятам деп жұлқылайын кеп. «Тұр, тұр, Дәкай! Қазды шығару керек, апам ұрсады ғой!» – деп қоям. Ағам қозғалмайды. Көздерін тарс жұмып алған. Бала санам оның ойлы жанары жарық дүниені енді ешқашан көре алмайтынын түсінбеген еді. Далаға атып шығып, жылап отырған шешеме келіп: «Дәкай тұрмайды, мен қазға жалғыз бармаймын!» – деп қиғылық сала бастадым. Бір жағынан жиналған жұрттың жылауы маған бір сұмдықты сездіргендей шошытып, дауысым бәсең шығып, аяқтарым дірілдей бастағанын да сезіп тұрмын.

Шешем:

– Дәкай қатты ұйықтап қалды. Ол енді оянбайды... – деді. Мен әлі де елең-алаң қалпымдамын. Бір кезде санамның түкпіріне «ағам қайтыс болды» деген суық хабар жетті. Осылайша мен алғаш рет ажал деген сұмның бар екендігін білдім. Қазалы жұрттың бір шетінде, «енді маған кім сурет салып береді, кім мені қорғайды енді?» – деп еніреп жылап тұрғаным көз алдымда. Сол кездегі ащы өкініш сезімі әлі күнге дейін кеудемді тозақ отындай күйдіріп, ұмытылмай жаңғырып тұр.

Ержеткен соң, ағамның рухына бағыштап, өлең жаздым.

# ЕЛЕС

*Ағам Данышпанның рухына*

Бір көрініс келгенде көз алдыма кештетіп,  
Опынумен отырам, көңіл өшіп, ес кетіп.  
Құтыла алман одан мен...  
Дымқылданса жанарым,  
Өлең жазу тек қана – құтылатын амалым.  
Көңіліме көп сурет жабысқанда баттасып,  
Мен көремін күнде осы көріністі, қысқасы:  
Сақалынан іңірдің шашыраса қызыл нұр,  
Аппақ үйді көремін,  
Шөлмектерін тізілтіп,  
Тұрғындары той жасап жатады ылғи мәз болып,  
Жымыысып алады, мұңдануға аз қалып.  
Шатырына сол үйдің жетім құстар қонақтап,  
Үнсіз ғана отырар, жан-жағына алақтап.  
Әткеншектің зарлы үні жұбатады тек мені,  
Күлкісіндей сәбидің нұр кернейді өкпені...

Сол бір елес, білемін – өң мен түстің арасы,  
Аула ішінде бір сәби былдырлайды, адасып.  
Былдыр-былдыр сөйлеуі жүрегіме тым жақын,  
Жазғым келер сондағы қызылсары құмға атын.  
Былдырлайды маған ол, екі дүниеде қымбаттым,

Өлімнен де тым қиын оған бірақ тіл қату.

Сол бейнені (түр-түсі – өз әкемнен аумаған)  
Іздейтұғын боп алдым тұман басқан ауладан.  
Ағам еді ол менің, елес іші қамалған,  
Мүлде бөтен кеңістік жолатпайды мені оған.

Қайран менің аулада, құмда ойнаған жолдасым,  
Қолын бұлғап тұрады, ағылғанда көз жасым.  
...Аппақ үйдің алдында иіскеп алып басынан,  
Ертіп кетер оны әкем, жұлдыз ағып шашынан...

# Құдайдың баласы

Шешем бір жылдан кейін күйеуге шығатын болды. Бұл мен үшін мүлде күтпеген жайсыз хабар еді. Марқұм нағашы апамның: «Мамаңды бір жақсы аға үйіне әкетеді, сол сенің папаң болады», – деп жатқаны жадымда.

Әке болудан әдірам қалғыр әлгі «жақсы ағамыз», елу жасына дейін жылқы бағып, дала кезген, адамдармен араласпағасын түз тағысына айналған, қарабайыр һәм қатал адам екен. Елу жасына дейін әйел мен бала дегенді білмеген дүлейге менің шешемді зорлап қосқан сияқты. Шешемнің қалыңмалы ретінде нағашы апамның босағасына бір қара бие байланды. Сол қарыны қампайған қара биені сүмдық жек көретінмін. Ешкім жоқта қорада тұрған байғұс жылқыға алыстан тас атамын. Сөйтіп, менің шешеме айырбасталған жануардан өш алғандай боламын.

Шынымен бір күні шешем ақыры үйден кетіп тынды. Есімде қалғаны той болатын күні мені үйге қамап тастады. Түні бойы я қорқыныштан, я қорланғаннан, я шешемді қимағаннан ба, ұзақ жыладым. Ертеңгі күні тойдан әкелген бауырсақты жеп, өксігі басылмай отырған мені Маржан әпкем жұбатқансыды: «мамамыз барған үй үлкен екен, болашақ папамыз бай екен, бәрімізді жарылқап тастайды екен», – деген сөздерді айтып, өзі де қыстыққан жасын жасыра алмай жылап жіберді.

Күннен күн, аптадан апта озып жатты. Мен болсам, көзім бозарып нағашыларымның үйінде әлі жүрмін. Шешем анда-санда келіп тұратын. Кейін онысы сирей бастады. Соған қарағанда, қара қайыстай күйеуі жібермейтін болуы керек деп ойладым.

Бестен асып алтыға бет алған кезім. Күнде бір ермек тауып алып, ағам мен анамды ұмытуға тырысып жүрмін. Түк етпейді деп қоям, өскесін мамамды анабір сорайған сұмырайдан құтқарып алам деп өз-өзіммен сертесемін. Сол ұлы жорыққа аттану үшін, ағаштан қылыш жасап, садақ иемін. Күнде кешке қарай қысқа көшенің ана басынан мына басына дейін жүгіріп жаттығамын. Мен бір күні анамды құтқарамын!

Шешем кеткеннен кейін, бұрыңғы менің әңгімемді асыға күтіп жүрген тындармандарым енді еңбексіз кәмпит-сәмпиттерін беретінді шығарды. Біреу қолыма құрт немесе пішінә бере қалса, бір әңгіме бастай қалсам, «рахмет, айтпай-қой», – деп, басымнан сипап, күрсініп кете беретін. Мен оған не боп қалды-ей деп, артынан қуып барам. Жетіп алған соң, «бір әңгіме айтып берейінші», – деп жалынам. Ол: «Жоқ, кәмпитті былай-ақ ала қой», – дейді. Мен түсінбей далмын. Олардың мені аяп жүргендерін қайдан ғана білейін? Осындай екі-үш жағдайдан кейін, жыным ұстап, тегін келетін тәттіден бас тарттым. Содан бері тәттіге жаным қас, мүлде жемеймін, осы күнге дейін.

\*\*\*

Шешем тұрмысқа шыққалы, ағам қайтыс болғалы көңілсіз күндердің тізбегі еш толастаған емес. Бір күнім бір күнімнен аумай, ақырын жылжып өтіп жатты. Сырттағы жылдың қай мезгілі де еш өзгермейтін секілді боп көрінетін. Көшедегі ойынға да, үстелдегі кәмпитке де зауқым жоқ.

Біреуді барып, жабысып құшақтағым келетін сияқты. Біреу мені құшақтап, еркелетсе деп армандаймын. Нағашы ағаларым өз балаларын айналып-толғанып жатқанда, маған да бір жылы сөздің ұшқыны тиіп қалар деп жәутендеп тұрғаным.

Өзіңіз ойлаңыз: мен әкемнің жан еркесі, шолжаңбайдың нақ өзі болған баламын. Жұмыстан келе сала әкейдің мойнына мініп алып, «анау тиісті, мынау тиісті!», «ананы әпер, мынаны әпер!» деп ырбиып жылай беретін балпанактай баланы арада екі жыл өтпей-ақ сирақтары сыриған, көзі мұңлы, жан-жағына үрейлене қарайтын, өзі сақ, бетінде қансөлі жоқ балаға айналады деп кім ойлаған! Әке-шешесінің қасында пысылдап ұйықтап, көзін былшықтан тазарта сала, еркелеп ойнақтаған баланың алдында қандай тағдыр күтіп тұрғанын кім білді дейсіз?!

Тәңірі салса, бәрін көресің. Аяқ-астынан бәрі өзгеріп шыға келгенде, не істерінді білмей абдырап, жан-жағыңа жау-таңдайсың да қаласың. Жып-жылы үйден даладағы қақаған аязға лыпасыз лақтырып жібергендегідей күй. Қорғансыздық. Һәм осы хәл әділетсіздік секілді. Немесе біреудің қылық-күнәларының өтеуі сияқты. Бірақ неге мен? Қарша-

дайымнан жүрегімді қарыған осындай сұрақтарға мен қаншама рет кездестім екен?..

Дегенмен бала жанымды шырқыратқан, азапқа салған осынау шиеленісті күндерде менің қазіргі күрделі болмысым қалыптасып жатты. Мен өмірдің бояуларын өзімше көруге үйрендім.

\*\*\*

Шешем басқа үйге көшкен жылы, Маржан Талдықорғандағы училищеге оқуға түскен еді. Одан да көп болды, хабар жоқ. Жалғызсырағанның көкесін көрген екі бала болса, оның бірі – менмін. Жалғыз болса, тағы – менмін. Жаратылысымнан жүрегім нәзік екенін сезетінмін, бала кезімнен өзге балалардан жүрісім де, тұрысым да өзгеше болатын. Дүниені қабылдауым да. Бұдан кішкентай кезімде қандай қияли болғанымды жоғарыда сізге баяндап бергем. Қазір де жетісіп тұрғаным шамалы. Әрнені қиялдап, жоқтан бар жасап, жан-сарайымда өзіме ұнайтын әлемімді сомдап алғам. Ол әлемде бәрі мүмкін.

Кейінгі уақытта, бұл жалғанда қарасы көрінбейтін әкені сағыну сезімі пайда бола бастады. Сол кісінің рухынан медет тауып, іштей сырласатын едім. Әр күнім мен үшін ғасырдан да ұзақ болатын. Әсіресе, кеш қарайған кезде өзімді қоярға жер таппай, ғаламат аласұратын болдым. Тезірек ұйықтауға асықсам да, маза бермейтін сансыз ойлар мен жанымды жегідей жеген сағыныш, тағдырдың жасаған әділетсіздігіне деген ыза бойымды билеп, ұйқымды қашыратын. Тәнімнен гөрі,

санамның тез есейіп келе жатқанын мен сол ұзақ-ұзақ кештерде өте жақсы түйсінгем. Ауладағы балалардың сөздері сәбидің былдырындай әсер ететін болды. Еш менсібеймін. Сөйлескім де келмейді. Ойындары да қызық емес. Мұның бәрі жалғыздықты одан әрмен үдеткенін сізден несіне жасырайын, қадірменді оқырманым.

Адам қандай жағдайға түссе де көнеді екен ғой. Егер ол қуанышты жағдай болса, оны тудырған уақыт лезде жоғалады. Қиын жағдай болса, созыла береді. Менің балалық шағым да созылмалы дерттей бітпей қойды, өтпей қойды.

Өзім де ержетпей қор болдым. Кілет үйдегі (біздің елде артық-ауыс заттар тұратын қойманы «кілет үй» деп атайды) бағанаға сызып қойған межеге бойым әлі жетер емес. Турникке тартылып, сәбіз жесем де, бойым сол қалпы. Ал ойым бойымнан әлдеқайда өсіп кеткен. Сыртым – бала, ішім үлкен адам боп қақ жарылдым.

Ертерек ержетсем, мына адамдардан, мына үйден, мына ауылдан қарамды батырамын деп ойлайтынмын. Алматыда дүниеге келсем де, ол кезде менде қала туралы түсінік мүлде жоқ қой. Барлық ойым: әйтеуір үлкен адамдар сияқты бөлек тұру, ызғарлы жанарлар қарасынан құтылу болатын.

Алайда ол күндер әлі тым алыс еді. Ол күндерге жеткенше әлі талай қызық пен теперіш көруім керек екенін мен ол кезде әрине білген жоқпын.

Дегенмен бұл дүниеде мейірім бар, достар! Мәселен, нағашы апам мені керемет жақсы көретін. Менің әкем жай-

лы қызықты әңгімелерді де сол кісі айтатын. Тұңғыш күйеу баласын өз ұлындай көргендігін жиі айтып отыратыны жадымда. Есімде қалғаны, нағашы апам зауыттағы станокқа қырқып алған шолақ саусақтарымен күнұзаққа картоп аршып отыратын. Ырғағы әдемі бір әнді ыңылдап отырушы еді, жарықтық.

Сөйтіп жүргенімізде, кейінгі күндері нағашы апам мені «Құдайдың баласы» деп атайтынды шығарды. Бала болған соң, ойнап жүріп бірденені бүлдіріп қоясың. Онсыз да жүрегің езіліп жүргенде, қырсығып, айтқанды тындамайсың. Сондай кездерде нағашыларымның бірі қабағын шытып ұрысса, апам: «Әй, тиме оған, ол Құдайдың баласы емес пе!» – деп бетін қайтарып отыратын. Бір емес, екі-үш рет естідім. Беті жұп-жұмсақ, қызылшырайлы әжелер келіп, шай ішіп отырғанда: «Еее, Құдайым-ай, аман болсыншы әйтеуір! Енді бұл Құдайдың баласы ғой...» – дегенді тағы да естігем. Сонда мен «неге Құдайдың баласы? Ол кім Құдай деген?» деп ойлайтынмын. Апамнан осыны сұрайыншы деп жүргенде, өзі бір күні мені айналып-толғана қалды.

– Апа, менің папам Құдай ма?

– Не дейт, пәтшағар! Әкең Құдай болса, неге өліп қалды? Үй, жүгірмек, қайдағыны айтпа!

– Апа, айтшы енді! Менің папам Құдай ма?

– Жоқ, сенің папаң Құдай емес!

– Енді сен ылғи мені «Құдайдың баласы» деп айтасың ғой, сонда қалай? Әлде мамам Құдай ма?

– Әй, баламысың деген... Мамаң қайдағы Құдай, Құдай болса, тағдыры анадай бола ма? – деп ауыр-ауыр күрсінді.

– Туу, апа, айта салшы, Құдай кім?

– Анау төбедегі Күнді көріп тұрсың ғой, анау талды ше? Соны сенің әке-шешең туды ма?! Ой, шіркін-ай деген! Мені де, сені де жаратқан Құдай бар. Ол бәрінен күшті, бәрінен мейірімді, балапаным.

– Ол қайда сонда?

– Анау жақта! – деп апам шолақ саусақтарымен аспан жақты нұсқайтын.

– Ол неге түспейді бізге, апа?

– Ол түссе, жер көтере алмай қалады Оны...

– Рас па не? Не, Ол соншалық алып па? – деп менің ауызым ашылып қалатын...

– Ол – дәу, Ол – өте күшті және құдіретті!

– Мен сонда кәдімгідей сол Құдайдың баласымын ба?

– Иә, құлыным! Бар ойнай ғой, бара ғой... Ииии, сары сапалағым, қайтейін...

Мәссаған, мынау қызық болды ғой! Мұны, бәлем, ана Татарков Женя білсе, шалбарын дымдап қоятын шығар, ә! Анау тракторист Жәкеңнің қарабұжыр баласына айтпасам осыны! Жақсы болды-ей! Енді маған көшедегі боқмұрындар «папаң да жоқ, мамаң да жоқ, кім сені қорғайды?!» – деп көрсін осыдан!

Көшеге атып шығып, жан-жағыма қарасам, Жәкеңнің қарабұжыры құмырсқа төбелестіріп отыр екен. Шалқая басып

қасына бардым.

– Ей, қара маңқа, бері қара!

– Немене деп тұрсың-ей?! Кім қара маңқа? Көрсетейін қазір мен саған, қара маңқаны.

– Тұра тұр, тұра тұр-ей, ұрсаң, пәлеге қаласың! Сен менің кімнің баласы екенімді білесің бе?

– Иә, кімнің баласы екенсің? Ана байға тиіп кеткен шешеннің баласысың да, басқа кімнің баласы едің?! Әлде, әкен тіріліп келді ме?

– Сен білмейді екенсің ғой, мақау-ей! Мен – Құдайдың баласымын!

– Құдайдың баласы? Хахахахахаха! Қайдағы Құдай? Құдай жоқ қой! Не танып тұрсың?

– Қалай жоқ, бар?! Апам айтқан! – деп аңтарылып қалдым кәдімгідей.

– Апаң оттай береді, Ленин: «Құдай жоқ» деген.

– Кім ол Ленин деген? Ол менің апамнан артық біле ме, не?

– Ой, ақымақ, анау автобаздың маңдайшасында кімнің суреті тұр? Сол Ленин деген атамыз. Сол айтқан «Құдай жоқ» деп. Хахахаха, Құдайдың баласымын дейді ғой! Бері кел, сөзіңе жауап бересің қазір.

Зытып бердім. Қашқан бойда, жүгіріп кеп қой қораның артындағы көңнің үстіне отыра кеттім. Апам «Құдай бар» дейді, қарабұжыр «жоқ» дейді. Апам «бар» дейді, Ленин «жоқ» дейді. Қарабұжырдың Ленині бар. Менің апам бар.

Апамның сөзі маған қанша жерден жақын боп тұрса да, әлгі Ленин дегенің бір пәлені білетін сияқты. Тұра тұр, сонда апам өтірік айтқан ба? Жо-жоқ, апам ешқашан өтірік айтпайды. Ленин апамнан ақылды болса, ақылды шығар, бірақ апам өтірік айтпайды. Ол нақты. Онда неге Лениннің суретін автобаздың маңдайшасына жапсырған? Егер апам ақылды болса, автобаздың маңдайшасына апамның суретін ілер еді. Қап-ай! Құдай бар ма, сонымен жоқ па? Әлде ана Күнді, талды және апамды Ленин жаратты ма екен? Миым ашып кетті, құрысын. Татарков Женяға айтпаймын деп шештім. Тағы да күлкіге қалып жүрермін.

Құдай бар болса, Оның Өзі аспанда. Өмірдегі ең жақын адамдарымның барлығы алыста. Екеуі – о дүниеде, екеуі мен бара алмайтын аймақта. Жарайды, бірдеңесі болар. Солай да солай боп жүргенде қыс өтіп, жайнаған көктем жетті.

Көктеммен бірге Талдықорғаннан бойжетіп, бәденді өңі ажарлана бастаған Маржан келді бір күні. Мереке күндері болу керек, демалысқа келіпті. «Уррраааааа!!!» Әкейден қалған екеуміз ғана. Көрісіп, көзайым боп, мәре-сәре болдық та қалдық.

Мен апайымның жанынан қалмаймын. Қайда барса да, еріп алам. Құшағына тығылам, айтқан әр сөзіне құнығып, тоймаймын. Әр қимылын жіті бақылаймын. Түріне қарай бергім келеді. Менің апайым! Бірдеңелерді былдырлап айтып жатырмын, айтып жатырмын. Менен назарын алып кетпесе екен деп сөйлей беремін, сөйлей беремін, бірдеңелерді

сұрай беремін, сұрай беремін. Бар өнерімді көрсетіп әлекпін. «Міне, мен бір аяқпен көп уақыт тұра аламын!» «Міне, мен төбелескенде былай ұрамын!» «Міне, мен демалмай осыншама уақыт шыдай алам!» «Қарашы маған! Менің бойым кішкене өсті!» «Қарашы маған, Маржан! Міне, мен ән айта аламын! Үнді әні! Тындашы, Маржан!» «Үстелдің үстінен кәмпит ұрлап әкелейін бе?» Жауап күтпей, кәмпит әкелем. Әйтеуір, апайымның көңілі мен жақта болса екен деп тілеймін. Бақыттан басым айналып жүр. Ең қуанышты күндерім сол күндер еді. Апайым мамама барып келіп, маған көйлек әкеп кигізді. Мамамыздың әзір келе алмайтынын айтты, ауруханада ма, бір жақта бөпелі боп жатыр екен. Оған да аса назар аударғам жоқ. Есіл-дертім қаладан келген апайымда.

Сол күндері уақыт дариганың ұшқыр болғаны-ай! Апайыммен өткен әрбір сәт – мені тағы да жалғыздықпен бетпе-бет қалатын болашаққа қатігездікпен сүйреп, жақында-тып алып келе жатыр еді.

Жалғыз туысыңмен сағынысып қауышқан тәтті мезеттер келмеске кетті. Көздің алдында ащы жастың алғашқы дымқылы мен иекті алатын кемсеңнің алғашқы дірілі пайда бола бастайтын уақыт та жетіп келді.

Мен ол кезде мықты психолог болып алғам. Үлкендердің мені қалай алдағысы келіп тұрғанын, менен нені жасырғысы келетінін, не ойлап, не қойғанын беске біліп, көкейім сайрап тұратын ғой!

Қысқасы, апайым мен ұйықтап жатқан кезде, таңғы автобуспен оқуына тартып кетпек болды. Тапқан екен, алданып қала салатын баланы! Түні бойы ұйықтамадым. Апайымның бауырына тығыла түсіп, қимастықпен құшақтап шықтым.

Таңертең апайым тез-тез жиналып, үйден шығып кетті. Бәрін ап-анық біліп жатырмын. Амалым жоқ. Үлкендерге не деп айтасың? Олардың өз шаруалары бар. Сенің сағынышың, сенің қимастығың оларға керек пе еді?! Сен еріккен баласың, ал, оларды үлкен шаруалар күтіп тұр!

Есік ақырын жабылды. Аулада күбірлеген біреу Маржанды шығарып салып тұрды. Кетті.

Мен көрпенің астында алғашқы жасымды төгіп алдым. Сосын...

Сосын мен өзім бар я жоғына көзім анық жетпеген Құдайға жалбарындым. «Құдай аға, егер мені естіп тұрсаңыз, апайымды үйге қайтадан алып келіңізші! Ол кетсе, маған өте жаман болады. Маған Маржансыз өте қиын! Өтінемін Сізден, Құдай аға!».

Үш сағаттан соң апайым мінген автобус жол ортада бұзылып, Маржаным үйге қайтып келді. Қарабұжырдың Ленині қателескен екен! Әп, бәлем, кім айтты Құдай жоқ деп саған? Ей, қарабұжыр, Құдай бар екен! Алақай! Сөйтіп, апайым тағы бір күн қасымда болды.

Сол күннен бастап мен Құдайдың мейіріміне, Жаратқан Хақ пендесінің дұғасын қабыл ететініне көзім де, жүрегім де анық жеткен еді. Содан бері мен анама да, апайыма да үміт

артып, оларды тосуды доғарған болатынмын.

Сол күннен бастап менің жалғыз қорғаным, жалғыз панам – тек жаратқан Аллам болды. Осы күнге дейін. Ертең де солай болары хақ! Мен сол күннен бастап, кез келген пенде құдіреті шексіз, мейірімі шексіз Жаратушының назарында болатынын ұғынғам едім. Шын тілегенге Алланың жәрдемі тез келеді екен.

\*\*\*

Бұл оқиға 1986 жылдың мамырында болған екен. Арада 26 жыл өткен. Бәріміз Маржанның туған күнінде үйінде жиналды.

Содан әркім туған күн иесіне ақ тілегін ақтарып, құттықтап жатты дегендей... Кезек маған келгенде, Маржаннан сұрадым:

– Маржан, сен 86 жылы Үржарға көктемде демалысқа келгенің есінде ме? – дедім.

– Білмеймін, бірдеңе еміс-еміс есімде бар – деп жауап берді.

– Нақтырақ есіңе түсіру үшін былай сұрайын: сол демалыстан Талдықорғанға қайтып бара жатқаныңда автобус сынып, үйге оралып едің ғой? Тағы бір күн болып, қайттың. Солай ма?

– А, иә, иә! Тура солай болған!

– Мхм...

– Үйбай, ол сенің есінде қалай сақталып қап жүр! – деп апайым аң-таң болды

– Қалай есімде сақталмасын, сені Талдықорғанға оқуға жібермеген мен болатынмын...

– Қалай сонда?

– Құдайдан тілегем.

Сосын жоғарыдағы әңгімені айтып бердім. Солқылдап жылаған Маржанды сол күні әрең жұбатып алған едік...

# Олешка

Талдықорған демекші, сол жаққа көшіп кеткен бір көршіміз бар еді. Талдықорған маған ол кезде жұрттың бәрі көшіп жатқан Германияның маңында сияқты боп көрінетін. Кейін ер жеткенде ол ғажап шаһарды талай басып өттік.

Сол Талдықорғанға жалғыз бір сырласым көшіп кетті. Қазір бар ма, жоқ па, Құдай біледі.

Керемет әдемі бала болатын. Аты – Олешка. Заты грек болса да, маған ерекше жанашырлық танытып тұратын еді. Данышпан қайтыс болғанда, үлкендер сияқты маған көңіл айтқаны есімде. Сол Олешка бар ғой, әкесі қалаға кетерде тапсырыс беретін ойыншықтарын екі дана қылып алдыратын. Бір данасы – маған. Әйтпесе, маған ойыншық әперетін адам кәне?!

Бір күні Олешканың әкесі су жаңа велосипед сатып алып берді баласына. Жалғыз велосипед. Ол да бала емес пе, жарқыратып көшеге шыға келді. Үймелеп қасына бара қалдық. Сипап ұстап, көріп жатырмыз. Қызығып тұрмыз. Маған велосипед жоқ екенін бірден түсіндім. Жүрегім шым ете қалды.

Олешкада бөтен ой жоқ, «темір тайына» қарғып мініп ап, көше бойымен зырылдай жөнелді. Жұрттың балалары күбірлесіп, әркім өз ойынымен тарап жатыр. Менің көкірегім ашып кетті. Ешқандай ой жоқ, состиып тұрып қалдым.

Состиып тұрып қалдым да... кенет Олешканың артынан қуып бердім. Ол жеткізбей заулайды. Мен жанталасып соңынан жүгіріп келем. Бір заматта іштегі шер сыртқа жас боп ыршып шықты. Көзімнен жас парлап, жүгіріп келем. Олешка мені көріп бара жатқан жоқ. Ол бақытты бала! Ол мәз. «Темір тайының» жүрісі неткен әсем! Дөңгелектері неткен жіңішке еді, «темір жануардың!». Екеуі біте қайнасып, сондай үйлесімді қимылдайды. Шіркін-ай, десеңші!

Жылап жүгіріп келем, неге жылап келе жатқанымды өзім де ұқпаймын. Қазір қалып қойсам, мәңгіге қалып қоятын сияқтымын. Қайда қалып қоям, неге қалып қоюым керек, ол да беймәлім. Дымымды шығармай, жылап, жүгіріп келем. Өкпемнің өше бастағанына мән берер емеспін. Әйтеуір қалмау керек.

Олешка автобаздың қасынан кері бұрылды. Мен де жеттім. Беті-ауызым айғыз-айғыз боп кеткен болу керек, Олешка түріме бажырая қарады. – Что с тобой? Что с тобой?

– Нет, нет, – дей беріппін.

– На, хочешь покататься?! – деп ол велосипедін ұсынды.

– Нет, нет, – деп, Олешканың иығына басымды қойып жылап жатырмын, жылап жатырмын...

– Ну, не плачь, не плачь! Успокойся. Почему ты плачешь? – деп аң-таң боп ол тұр.

– Незнаю...

Басқа не айтайын саған, Олешкам-ау! Сен менің шешем де емессің, әкем де емессің. Өзің де мен секілді бүлдіршін

бала ғанасың. Не түсінесің сен, Олешка! Қайда саған мені түсіну, досым-ау... Әкең ше? Ол міндетті емес ешкімге. Ол тіпті қазақ та емес қой, Олешка?!.

Үйге құр сұлдерімді сүйретіп қайттым. Олешканың «темір тайына» мінгем жоқ. Өйткені мен ол кезде велосипед тебе алмайтын едім.

\*\*\*

Жалғыздық – адамға әуелі қорқыныш сезімін сыйлайды екен. Жалғанда өзің ғана секілдісің. Тіршілік біткеннің барлығы саған жау, бәрі саған қауіп төндіретін секілді. Қорқынышты жеңген адам ғана бұл дүниенің төріне шыға алады. Мен де сөйттім. Абалаған итке қарсы жүгірдім. Биік боп көрінген жардан секірдім. Жұдырығын тигізген балаға қарсы атылдым. Ешкімнен қаймықпайтын болдым. Жарақат алсам, жыламайтынмын. Көңіліме тисе, іштей ғана егілетінмін. Іштегі жасқа көбірек малынғаннан ба, әйтеуір, жүрегім ешқашан қатайған емес. Елжірек болсам да, былжырақ болғаным жоқ.

Шөпті де, талды да еркелетіп, ұшқан құсқа сәлем жолдап, жәндік біткеннің барлығына жаным ашып тұратын. Тіпті, төрт түлігі сай баланың жылағанына дейін жүрегіме ауыр тиетін. Сотқар болғаным рас. Бірақ менің сотқарлығым – қорғаныс еді, ардақты оқырманым. Қорғаныс еді.

# Қалан

Бір күні кезекті бұзақылығымның арқасында жеңгемнен күштілеп тұрып шапалақ жедім. Содан ойбайға басып, нағашы апамның қойнына тығылдым. Ешқашан дауыс көтермейтін апамның айқайға басқанын көрсеңіз сол күні! Маған емес, әрине.

Мен шапалақ жеген күні үйдің іші салқын тартты. Ертесінде шешем келді. Апам шақыртқан екен.

– Әй, Тұрлығайша, баланды қолыңа алып, өзің тәрбиеле, менің енді оған шамам жоқ. Оның үстіне мына жақта жүріп, жеңгелеріне жексұрын болғанша, жейтін таяқты өзіңнен жесін.

Шешем үнсіз мені қолымнан жетектеп, көлікке отырғызды.

Біз силикат кірпіштен қаланған, ақ қаңылтырмен төбесі қапталған, ауласы ат шаптырымдай үйдің алдына кеп тоқтадық. Анамның осы үйде тұратынын айтпай-ақ түсіндім. Әлгінің үйі шынымен үлкен екен, өзі бақуатты тұратын кісі екені анадайдан көрініп тұр.

Аулаға имене кірген мен, ең алдымен, сиыр сауып келе жатқан бір апаны көрдім. Апа жүрген жердің бәрі мейірімге толы болады деп ойлайтынмын. Оным бекер болып шықты. Қора жақтан шапшаң жүріп жеткен кейуана сүйкімсіз қапқара кемпір екен. Мені көре сала кемпірдің көзі бағжаң ете

қалды. Мойнын сол иығына әнтек бұрып, шырт түкірген ол жарты шелек сүтін қоюға кілет үйге кіріп кетті. Мен бүрісе түсіп, шешемнің бауырына тығылдым. Біздің жарылқаушы әкеміз малда жүрген болып шықты. Онымен таныстығым жоқ әзірге. Сыртынан бір көргенім болмаса.

...Кешке жақын машинасын гүрілдетіп «әкеміз» де үйге жетті. Бойы биік, мойыны жуан. Білектерінде бұлшық еттері ойнақшып, тамырлары білеуленіп тұр. Құстұмсық. Өне-бойынан қара күштің қорқынышты ызғары еседі. Қабағы үнемі түксиіңкі жүреді екен. Екі сөзінің бірі «әкеңнің ауызын бәлен қылайын...». Шашы бурыл тартқан. Атжақты, дөңқабақ. Көзі үлкен, көкшіл. Бірдеңе ұнамай қалса, тісін шықырлатып қояды. Қысқасы, мендей нәзік балаға мұндай қуатты, қарадойыр адам ұнаған жоқ. Қатігез екенін байғұс жүрегім бірден сезді. Барар жер, басатын тау жоқ, осы ызбарлы кісімен бірге өмір сүретін болдық.

Мені шешем оған таныстырып, сөзі үйлеспей кібіртіктеп бірдеңе айтып жатыр: «Нағашы апасы осында жіберіп еді... Осында тұрса деп едім... Қасымда болсыншы... Апаратын жерім жоқ... Туыстарым тәмам бала-шағасымен қуықтай ғана үйде тұрады... Бұл өзі көп тамақ та жемейді... Киім-кешегін үкімет төлейтін зейнетақыдан алып берем ғой... Бұзық емес... Тілді алады... Бір жағынан қолқанат бала да керек дегендей...»

Анау маған ызбарлана бір қарады да: «ой, әкеңнің ауызын...» – деп бір сыбап өтті. Көшедегі балалар осы бір сұм-

пайы боқтық сөзді маған қарата айта қалса, жағаласа кетуші едім. Қазір оның іске асуы өте қиын екенін түсініп тұрмын. Әзірге әліптің артын бағайын деп өзімді өзім сабырға шақырдым. Кейін оның боқтығына етім үйреніп кетті. Әуелі ішімнен «сенің де әкеңнің ауызын ұрайын», – деп күлімсіреп тұратынды шығардым.

# Конец ознакомительного фрагмента.

Текст предоставлен ООО «ЛитРес».

Прочитайте эту книгу целиком, [купив полную легальную версию](#) на ЛитРес.

Безопасно оплатить книгу можно банковской картой Visa, MasterCard, Maestro, со счета мобильного телефона, с платежного терминала, в салоне МТС или Связной, через PayPal, WebMoney, Яндекс.Деньги, QIWI Кошелек, бонусными картами или другим удобным Вам способом.